ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 30 қыркүйек №2301-24-00-2/2311 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Хамза Санбаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Кәусар» - Жадра Мейрамқызы Достанова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Р.Сагындыков,
талап қоюшы өкілі Ж.Ахметова,
жауапкер өкілі Ж.Достанова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 28 маусымда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №76 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 19 шілдеге дейін талап қоюшыға орындық түріндегі тауарды жеткізуге міндеттенген. Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған. Сонлдықтан тапсырыс беруші 2024 жылғы 06 тамызда шартты біржақты бұзған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде орындық-кресло мектептің

мұғалімдері үшін қажет екенін, бұрынғы қолданыстағы орындықтар сынған, бұзылған, отыруға келмейтінін, сондықтан жаңа оқу жылына мұғалімдер үшін жаңа орындық сатып алу қажеттілігі туындағанын, алайда жауапкермен тауар жеткізілмегенін, сондықтан тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар бар екенін түсіндірді.

Жауапкер өкілі талаппен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде тауардың жеткізілмеу себебі техникалық ерекшелікте көзделген орындықтар нарықта болмағанынментүсіндірді.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Сот отырысы барысында анықталғандай, орындық-креслолар тапсырыс берушіге жаңа оқу жылына мұғалімдерді мен қамтамасыз ету үшінқажет болған, тауардың жаңа оқу жылына жеткізілуі тапсырыс беруші үшін маңызды болған. Сондықтан шарттың орындалмауынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 01 тамызда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султанғалиева А. Е., 03.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Султанғалиева А. Е., 05.11.2024

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Хамза Санбаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Кәусар» - Жадра Мейрамқызы Достановаы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Кәусар» - Жадра Мейрамқызы Достанова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Кәусар» - Жадра Мейрамқызы Достановадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «04» қараша 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Султангалиева А. Е., 05.11.2024